– Ш.Көпбайқызының қазақ елінің тарихи даму кезеңіндегі зерттеулеріне талдау жасау және ғалымның ғылыми ұсыныстарын білім беру жүйесіне, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану;

– ғалымның «Ауыл мектебі» заңын іске асырудағы қосқан үлесін ғылыми зердеуыл мектебі» заңын іске асырудағы қосқан үлесін ғылыми зерделей отырып, мектептердің оқу – тәжірибесіне ендіру көзделеді;

– ұстаз мәртебесіне аса мән беріліп отырған тұста, ғалымның зерттеулеріндегі идеяларын тәжірибеге енгізу;

– ұстаз мәртебесін көтеріп жатқан тұста мұғалімнің дамуына ықпал ететін журналдардың шығуына да баса мән берілуі қамтылады.

1999 жылы Шәмша Көпбайқызының депутаттық бағдарламасында білім саласына

ерекше мән берілген: «Білімді азаматтары бар мемлекет қана нағыз өркениетті және гүлденген мемлекет бола алады. Бұл – даусыз шындық. Ашыққан қарын тойынар, тозған киім жаңарар, білімнің шаңырағын шайқалтып алсақ келер ұрпақ қайтіп оңалар, кімге жалынар, кімге жалданар. Ұлан байтақ жеріне ие болатын ұрпақтың санасында сәуле, көкірегінде нұр, бойында намыс болуға тиіс.

Әсіресе, шалғайда жатқан шағын комплектілі мектептің жағдайы қатты алаңдатады. Ол қоғам тарапынан айрықша назар мен қолдауды қажет етеді. Меніңше, Үкімет тарапынан «Ауыл мектебі» бағдарламасы қабылданып, ол материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуі тиісті», – деген ұсынысы ауыл мектебін дамытуға игі ықпал еткені белгілі [1, 3].

Ал, 2001 жылғы «Егемен Қазақстан» газетінде «Мұғалім – мектептің жаны» атты мақаласында *ұстаз мәртебесіне аса мән беріледі*. Ұстаздық қызметтің қиындығы мен оған қойылатын талаптар және оны шешудің, алып шығудың жолдары қарастырылады. «Ал бүгінгі ұстаздар өрелі міндеттер биігінен көріне ала ма? Ия, өтпелі кезеңнің қиыншылығына мойымай, өз мамандығына адалдығынан айнымай, ұрпақ үшін, Қазақстанның болашағы үшін жанкешті еңбек етіп жүрген ұстаздар, шүкіршілік, баршылық. *Олар әр – педагогикалық ұжымның мәйегі*. Солардың арқасында мектеп жүйесінде ізденіс бар, реформа жүріп жатыр. Шетелде білім алып жатқан өрендеріміз сондағы құрдастарынан титтей де кем еместігін әлдеқашан дәлелдеді. Бұл да болса ұстаздар еңбегінің жемісі» [2, 4].

Ұстаз... Ұстаздық – киелі әрі ежелгі мамандық. Адам ата-Хауа анадан бері жұмыр басты пендені ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғамдық құрылыс өзгеріп жатса да, қажеттігін жоймайтын бір проблема – шыр етіп дүниеге келген нәрестені өмір сүруге дайындау.

Бұл – қиынның қиыны. Себебі әр адам – қайталанбас индивидум. Әр адамның жан дүиесі – өзінше бір әлем. Өмір озған сайын,

қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас дамыған сайын, бүкіл дүние жүзінде мемлекетаралық интеграция күшейген сайын ұстаздың қызметі қиындай береді.

Егер өз халқымыздың соңғы жүз жылғы тарихына көз жүгіртсек те, осы сөздерімізге дәлел болатын жағдайлар көрініп тұр. Бір ғасыр бұрын қазақ даласындағы ағартушылық қызмет негізінен балаға жазу-сызу, оқуды үйретуге саятын болса, бүгін ол өте аз.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол тек нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат қуатын, жоғары адами қасиеттерін салу керектігін айтпаса да түсінікті.

Ұстаздың алдында еліміздің болашағы отыр. ХХІ ғасырдың жасампаздық істерін жүзеге асыратын солар. Оқушыларды әлеуметтендіру ұстаздардың білімі мен біліктілігіне, рухани әлеуметіне, құқықтық және саяси мәдениетіне байланысты десек, мұғалімдерді дайындау, оларға қамқорлық көрсету еліміз тәуелсіздігі – мемлекеттік деңгейде шешілуге тиіс қомақты шаруа болғанын атап көрсетеді [1, 57].

Сонымен қатар, қазақ мектептері үшін теориялық және әдістемелік көмек ретінде шығатын журналдардың санының аздығы туралы жазды. «8,5 мың мектебі және 300 мың ұстазы бар елімізде педагогикалық-әдістемелік сипаттағы материалдарды үзбей жариялап отыратын басылымдар: «Қазақстан мектебінің журналы – 5,3 мың, «Қазақ тілі мен әдебиеті» – 6 мың, «Қазақ тарихы» – 4,5 мың, «Информатика, физика, математика» 7 мың ғана дана болып тарайтынын айтсақта, көп жағдайды аңғаруға болады. Педагогикалық-психологиялық проблемаларға тәрбие мәселелеріне арналған «Ұлағат» журналы 1 мың данамен ғана 2 айда бір шығады. Ұлағатты сөз, ұлағатты тәрбие әр қазақ баласына жетсінші деген оймен соншама қиындықпен дүниеге келтірген журналдарымыз-

дың қазақ мектебіне де керек болмағаны ма? Осы басылымдар арқылы ғылым жаңалығымен, тың деректермен, жақсы тәжірибемен, озық әдістемемен танысып отырмаған шалғайда жатқан мектептегі пән мұғалімінің жұмыс деңгейі жоғары бола қояр ма екен? Осыған жалпы қазақ тіліндегі әдістемелік әдебиеттің тапшылығын, барлық жерде (Астанадан басқа) әдістемелік орталықтардың жабылғанын қосыңыз». Бұл сол кездегі мәліметтер. Ал қазір, мектепке ғылыми-теориялық тұрғыда көмек беретін ғылыми-әдістемелік танымдық журналдардың санының азаюы және оның жеке меншікке айналуы да білім беру жүйесінің дамуына кері ықпал ететіні дау туғызбайды. Ұстаз мәртебесін көтеріп жатқан тұста мұғалімнің дамуына ықпал ететін журналдардың шығуына да баса мән берген дұрыс деп ойлаймыз. Өз сөзінде ғалым, «министрлік орта мектепке арналған педагогикалық басылымдарды барынша қолдап отыруы жөн», – деген ұсынысы әлі де өзектілігін жойған емес [2, 5].

Сонымен қатар, балама оқулықтардың шығуы да, білім мен ғылым сапасының өсуіне игі ықпал ететіні де аса мән береді «... балама оқулықтар өте қажет. Мұндай оқу кітаптары неғұрлым көп болса, оқу-тәрбие үдерісі мазмұндық тұрғыда барынша байи түскен болар еді. Сондықтан біздің әдіскер-педагогтарымыз, ғалым-ұстаздарымыз жазған талапқа сай балама оқулықтарға ешқандай тосқауыл қойылмайды. Олар министрліктің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, мақұлданған жағдайда оқу-тәрбие үдерісіне пайдалануға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің жыл сайын жасалатын тізбесіне енгізілді», – деген тұжырым да қазір жақсы жолға қойылғаны белгілі. Мұның нәтижелі болуын әлемдік білім беру тәжірибесі көрсетіп отыр [2, 5].

Ғалым Елбасының ұсынған ұсыныстарын, халыққа арналған жолдаулардағы негізгі бағыттардың бүгінгі білім беру жүйесін жандандыратын негізгі құрал тұрғысынан өз мақалаларында жан-жақты қарастырады. Елбасының ауыл мектебінің педагогикалық кадрларын қайта даярлау бағдарламасын

дайындатуы, бүкіл білім жүйесін реформалаудың ең бір олқы тұсы оқыту мен мамандар дайындау екенін, оның сапасын көтеру керектігін өз мақалаларында халыққа жеткізе білді.

«Еліміз өз егемендігіне ие болғаннан бастап, ұлттық білім кеңістігін, ұлттық мектеп моделін жасау жөнінде, ұлттық тәрбие туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жок», – деді ғалым, бүгін мектеп жүйесінде оң өзгерістер көп. Оқытудың жаңа технологиясы, инновациялық идеялар, басқа елдің озық тәжірибесі мектепке жол тартты [2, 5].

Елбасы мұғалімнің қоғамдағы мәртебесін көтеру қажеттігін айтты. Бұл бүкіл білім қызметкерлерінің жүрегінде үлкен үміт отын жандырды. Себебі алпысыншы жылдардан бастап мұғалім ақысыз жұмыс күшіне айналған. Мұғалімді қай жұмысқа салмады. Тіпті балалармен көше сыпыратын да, жүгері жинайтын да сол баяғы мұғалім болатын. Сол мұғалім жекешелендіруден де, несие алудан да сырт қалды.

2002 жылы Астана қаласында “Қазақ мектебі: бүгінгі жайы және даму болашағы” деген тақырыпта республикалық ғылыми-практикалық конференция жұмысында, ғалым “Бүгінгі таңда өздеріңіз тәлім-тәрбие беріп жатқан бүлдіршіндер ертеңгі күні тек білімді кадр ғана емес, Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген азамат болып өсіп жетілуі қажет”, – деп атап көрсетеді [3, 4].

«Ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпайық» атты қазақ тілінде оқытатын мұғалімдерге арнау сөзінде еліміздегі балабақшалардан бастап, орта білім беретін оқу орындарына дейін жас ұрпақтың бойында ұлттық дүниетаным мен діл мәйегін сіңіріп, оларды нағыз отаншылдық рухта тәрбиелеп өсіруге қажетті осы заманғы оқу құралдары мен технологиялардың тапшылығы біртіндеп еңсеріле бастады. Бүгінгі қазақстандық балалар мен жасөспірімдерді жаулап алған шетелдік компьютерлік ойындар мен басқа да бағдарламаларды, мультфильмдер мен қатыгездік фильмдерін алмастыратындай

ұлттық ойындар, бағдарламалар, фильмдер жасау керектігі кезек күттірмес мәселе екені рас”, – деп атап көрсетті [3, 4].

Мұның бәрі таяу болашақта атқарылуға тиіс шаралар. Оларды күтпей-ақ, қолда бар мүмкіншілікті пайдалана отырып, кең байтақ Отанымыздың тарихы мен табиғатын жас ұрпаққа етене таныстыру жолымен, олардың бойында мемлекетіміздің рәміздері мен салт-дәстүрлеріне құрмет сезімін қалыптастыру рухында аталған бағытта жемісті жұмыс атқаруға болатыны анық.

Өзінің қазақстандық екенін, Қазақстанда туғанын әрбір бала мақтаныш ете алса ғана біздің бұл ісіміздің нәтижелі болғаны. Сонда ғана біз, ұстаздар, бүгінгі заман алдымызға қойып отырған күрделі міндетті абыроймен атқарып, еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеп өсірдік деп сеніммен айта аламыз, – деп атап көрсетуі де ұстаздар мәртебесінің қоғамның дамуының негізгі күші екенін көрсетеді [3, 4].

Ғалымның өзінің барлық еңбектерінде мұғалімнің атқарар ісінің қоғамдық әлеуметтік ортада рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ерекше орын алатынын, олардың тұлғалық қасиеттері болашақ ұрпақ үшін тәлімдік мағынасы мол құндылықтар екенін көрсете білді. Елдің тұтқасы – мемлекет басшысын сыйлау да – көргенді, тәрбиелі қоғамға тән қасиет болмақ. Ол сыйластық, ынтымақтастық, бірлік, тұтастық, әсіресе, бізге, қазақ халқы үшін қымбат. Ұлы Абай 39-шы қара сөзінде «...ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Олар қалай қылса, қалай бітірсе, халық оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассыз, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессіз...» – дейді. Ұлы Абай сөзін ұсына отырып, қазақ елін, жастарын ұлы тұлғалады құрметтей отырып, өз бойындағы құндылықтарды көрсететінін тағы нақтылай түседі. Ынтымақ, бірлік, сыйластыққа қазақ жастары бала күннен баулыса, ел іргесі сәгілмек емес [5, 30 б.].

Ғалым біз белгілі бір білімдер мен дағдылар жиынтығын меңгерген адамдар ғана

емес, қазақстандық діл мен дүниетаным негізінде азаматтық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл тұлғалар тәрбиелеп өсіруге баса назар аударуымыз қажет деп атап көрсетеді:

Ол үшін:

– *біріншіден*, еліміз мектептерінде әрбір шәкірт ұлтына, дініне, жынысына қарамай, барлық қазақстандықтардың ортақ Отаны – Қазақстан екенін түсінетіндей ахуал қалыптастыра алудың мәні зор. «Әрбір қазақстандықты өз мемлекеті қамқорлықсыз қалдырмайды, ал әрбір қазақстандық өз мемлекетінің болашақ тағдыры үшін жауапты» деген түсінік жас ұрпақ санасында берік орнығуы шарт;

– *екіншіден*, жас ұрпаққа өзі туған аймақтың ғана емес, кең байтақ Отанымыздың барлық қиырындағы таудың да, өзеннің де, көлдің де, жан-жануарлардың да, қазба байлықтардың да өз елінің байлығы болып табылатынын сезіндірудің де тәрбиелік әсері зор. Бәлкім каникул күндері еліміздің қастерлі орындарына, табиғаты сұлу аймақтарға, экспедициялық жорықтар ұйымдастыру шараларын қолға алу қажет болар;

– *үшіншіден*, өскелең ұрпақ өз елінің ғылымы мен ғұлама ғалымдары, өнері мен талантты өнерпаздары, спорты мен спортшылары, т.б. туралы хабардар болып, оларды мақтаныш тұтып өскені жөн. «Қазақстан ғылымы», «Қазақстан спорты», т.б. тақырыптарға арналған викториналық ойындар, сауық кештерін ұйымдастырып отырудың қиындығы жоқ;

– *төртіншіден*, әрбір қазақстандық жас азамат өз елінің тарихын, тарихи тұлғалардың өмірбаяндары мен өнегелі істерін біліп өсуі тиіс. Шәкірттер санасында “Менің елімнің тарихы – менің тарихым” деген түсінік орнығатындай материалдарды еліміздің өткен тарихынан да дербес мемлекет ретінде өмір сүре бастаған бүгінгі тарихынан да көптеп табуға болады [1, 68 б.].

Ең соңында, жас ұрпаққа біздің ұлттық дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыздың жалпыадамзаттық құндылықтармен ұшта-

сып жатқанын аңғартудың мәні зор. Өз мәдениетін түсінетін адамның ғана өзге мәдениеттерді терең қабылдай алатынын әрбір адам жас кезінен ұғынып өссе, құба-құп», – деген тұжырымы толерантты ұрпақ тәрбиелеуге негіз болатынына жан-жақты тоқталған [1, 60 б.].

Мыңдаған жылдар бойы тірнектеп жиналған халықтың осынау рухани мол мұрасы әлемдік озық үлгілермен астаса келіп, оқу-тәрбие беру қызметіне негіз болып отырған бүгінгі қазақ мектебі нашар болуға тиіс емес екенін негіздеген тұлғалардың бірі.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры деп атап көрсете келе, бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр екенін, серпілу керек екенін нақтылап көрсетеді. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің жайы және оны жетілдіру жолдары білім беру жүйесі басшыларының ұдайы назарында болуы қажет. Елдігіміздің кепілі, мемлекеттік тілдің бағы жануының алғышарты – қазақ мектебінің оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейде көтеру – біздің басты міндетіміз екендігі, тіпті туған халқымыздың алдындағы перзенттік, азаматтық-парызымыз екендігі әрдайым есте сақтауды ұсынады.

Зерттеу нәтижесі және оның талқылануы. Бүгінгі ұстаз – ұлттық сананы қалыптастыруда негізгі орын алатыны ғалымның еңбектерінің негізгі арқауы. Ұлттық рух – мектепте қалыптасатын құндылықтардың бірі екені еңбектерінің негізгі алтын әріппен жазылатын арқауы деп білеміз. «Бала ана тілінде оқып, ана тілінде білім алған болса, міндетті түрде, елінің, халқының тарихына үңіледі, әдебиетін іздейді. Өнерін меңгеруге тырысады. Әйтеуір, халқымен етене жақын болуға деген талпынысы оянады. Егер, ол өз тілінде оқымаған болса, мұның барлығына немқұрайды қарайды. Тілдің құдыреті де

болғандығын, мәдениеті, қайталанбас өнері барлығын, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар дегенді баланың санасына құя беру керек. Сонда ғана ұлттық рух пайда болады. Біз сол жетпіс жылда ұлттық рухтан ажырап қалдық. Ұлттық рух пайда болмай, балада ұлтына деген ерекше сезім пайда болмайды. Сондықтан, ұлттық рухты жаңғырту керек», – деген идеясы бүгінгі мәңгілік ел идеясын дамытуда негізгі кредосы болып табылды [1, 88 б.].

Қорытынды. Елбасы, Үкімет білім саласына, әсіресе ауыл мектебіне ерекше көңіл бөліп отыр. Ал ауыл мектебі – негізінен қазақ мектебі. “Ауыл мектебі” бағдарламасы жасалды, ол білім беру жүйесіне енді. Ғалымның тәуелсіздік жылдары жазған мақалаларын зерделей келе, әр мақаласында қарастырылған мазмұны ауыл мектебі, ұстаз мәртебесін көтеру, ұстаз мәртебесін көтеріп жатқан тұста мұғалімнің шығармашылық өсуіне ықпал ететін журналдардың шығуына да баса мән бергені жан-жақты қарастырылғанын көреміз. Қорытындылай келе, Ш.К. Беркімбаеваның мақаласындағы негізгі қағиданы “Жастар – еліміздің болашағы” деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ал сол жастардың болашағы, демек, Отанымыздың ертеңгі тағдыры Сіз бен біздің бүгінгі қызметімізді қалай атқарып жүргенімізге тікелей байланысты екенін әрдайым жадымызда ұстайық. Ұстаздық – ұлы ұғым екені есте болсын. Ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпайықшы, бойымыздағы біліміміз бен білігімізді, қажыр-қайратымызды елдің ертеңін еңселендіретін қасиетті істен аямайықшы, ағайындар! [1, 120 б.]” – деген қағидасынан бүгінгі ұрпақтың бойына ұлттық нәрді себетін, ұлттық тарихи сананы қалыптастыратын ұстаздар мәртебесі биік болсын дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беркімбаева Ш.К. Барым да, бақытым да –туған халқым! //«Әлі де ізгілікті іздеп келем» кітабынан. – Алматы: Атамұра, 2011. – 480 бет.
2. Беркімбаева Ш.К. Мұғалім – мектептің жаны /Егемен Қазақстан. – 2001. – 4 б.
3. Беркімбаева Ш.К. Ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпайық. Қазақ тілінде оқытатын мұғалімдерге арнау сөз /Егемен Қазақстан. – 2002. – 11 желтоқсан.
4. Беркімбаева Ш.К. Ол ұстаз еді ғой /Егемен Қазақстан. – 1997.
5. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.

6. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. – Алматы, 2011. – 300 б. (Авторлық бірлестікте).
7. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік /Ғылыми жетекшілік жасаған және жалпы редакциясын басқарған профессор Ш.К. Беркімбаева, профессор А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
8. Джанзакова Ш.К., Боранғали А.Т., Ш.Беркімбаеваның ұлттық педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі /Цифрлы Қазақстан жағдайында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау: өзекті мәселелер және шешу жолдары» атты II Республикалық педагогикалық оқулар, 24-25 қаңтар. – Тараз, 2019. – 5-9 б.

References:

1. Berkimbaeva Sh.K. Barym da, bakyтым da tугan halkym! //«Ali de izgilikti izdep kelem» kitabynan. – Алматы: Atamura, 2011. – 480 b.
2. Berkimbaeva Sh.K. Mugalim – mekteptin zhany /Egemen Kazakstan. – 2001. – 4 b.
3. Berkimbaeva Sh.K. Ultyk mekteptin uly muratyn umytpaiyk. Kazak tilinde okytatyn mugalimderge arnau soz /Egemen Kazakstan. – 2002. – 11 zheltoksan.
4. Berkimbaeva Sh.K. Ol ustaz edi goi /Egemen Kazakstan. – 1997.
5. Abai. Kara sozder. – Алматы: El, 1993. – 272 b.
6. Aleumettik pedagogika. Okulyk. – Алматы, 2011. – 300 b. (Avtorlyk birlestikte).
7. Pedagogika: Kazaksha zhane orysshа tusindirme terminologiyalyk sozdik / Gylymi zhetekshilik zhasagan zhane zhalpy redakciyasyn baskargan professor Sh.K. Berkimbaeva, professor A.K. Kusainov. – Алматы: Mektep, 2007. – 248 b.
8. Dzhanzakova Sh.K., Borangali A.T., Sh.Berkimbaevanyn ultyk pedagogika gylmynyn damuyna koskan ulesi /Cifrlы Kazakstan zhagdayynda uzdiksiz pedagogikalyk bilim beru zhuyesin modernizaciyalau: ozekti maseleler zhane sheshu zholdary» atty II Respublikalyk pedagogikalyk okular, 24-25 kantar. – Tараz, 2019. – 5-9 b.

Вклад Ш.К. Беркімбаевой в развитие статуса учителя

Ш.И. Джанзакова¹, А.Т. Боранғали²

^{1,2}*Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова*
(Атырау, Казахстан)

Аннотация

В статье анализируются научные труды Шамши Копбаевны Беркімбаевой о национальной системе образования. Охватывают концепции о состоянии сельских школ, отдаленных малокомплектных школ. В целях социальной защиты и упорядочения прав и обязанностей педагогов необходимо принять закон «О статусе работников образования»? который является основным критерием статуса педагога. В исследованиях Ш.Копбайкызы подчеркивается, что перед учителем стоит будущее нашей страны. Учительская община, осуществляющая созидательную деятельность XXI века, социализация учащихся зависит от образования и квалификации, духовного потенциала, правовой и политической культуры педагогов. Подготовка учителей, забота о них, независимость страны – это серьезное дело, которое должно решаться на государственном уровне.

Ключевые слова: национальная система образования, сельские школы, малокомплектная школа, статус работников образования, статус педагога.

The contribution of S.K. Berkimbaeva to the development the status of teachers

Sh.Janzakova¹, A.Borangali²

^{1,2}*Atyrau State Universit after Kh.Dosmukhamedov*
(Atyrau, Kazahstan)

Abstract

The article analyzes the scientific article Shamshi of Berkimbayeva about the national education system. Cover the concept of the state of rural schools, remote small schools. For the purpose of social protection and regulation of the rights and duties of teachers, it is necessary to adopt the law "on the status of education workers" is the main criterion for the status of a teacher. The study Sh. Kопбайkyzy Capbility stresses that before a teacher is the future of our country. Teachers ' community, carrying out creative activities of the XXI century, the socialization of students depends on the education and skills, spiritual potential, legal and political culture of teachers. Training of teachers, taking care of them, that the independence of the country is a serious matter that should be solved at the state level.

Keywords : The national education system, rural schools, small schools, the status of education workers, the status of the teacher.

Редакцияға 28.11.2018 қабылданды.

МРНТИ 14.33.01

С.Т. ИМАНБАЕВА¹, В.С. НУРЛАНОВА²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «ДАРЫНДЫЛЫҚ» ФЕНОМЕНІ

Аңдатпа

Дарынды балалар оқитын мектептерле тереңдетілген бағдарлама бойынша, жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу, жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін пайдалану, сыни тұрғыда, проблемалық оқыту әдістерін пайдалана отырып оқыту, әр деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру арқылы іске асатыны қарастырылған. Дарындылықты анықтау критерийлеріне тұлғаның білімді толық игеруі, тапсырылған жұмысты сапалы орындауы, тақырып бойынша өз ойын еркін айта алуы, алынған білімдерді өз бетінше дамыта білуі; өзіне-өзі талап қоя білуі, материалды игеруде табандылық, алынған білімді әр сабақ сайын дамыту; өз ойларын баяндағанда ғылыми дәлеледеуі, ғылыми жобалармен шұғылданғанда өз бетінше іздене алуы, тапсырылған жұмысты сапалы іске асу тұрғысынан қамтылады.

Түйін сөздер: интеллект, қабілеттілік, дарындылық, талант, дарынды адамдарға тән қасиеттер, зияткерлік әлеует.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллекулдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту», – деп атап көрсеткендей дарындылық тұлғаның ақыл-ойы, танымы, сана, оқуы, шығармашылық, тұлғаралық қатынаста түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді.

«Интеллект», «қабілеттілік», «дарындылық», «талант» ұғымдарының мәні, мағынасы. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттік деңгейі жоғары. «Дарындылық» – бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. Дарындылық пен қабілеттіліктің түсініктері бір-біріне өте жақын ұғымдар. «Қабілеттілік, – деп атап көрсетеді Д.Н. Ушаков, ол табиғи дарын, бір нәрсені жасай алу мүмкіндігі». Қабілеттілік тұлғаның іс әрекеттің бір саласына, нақты бір ғылымға өзіндік бейімін, қасиетін көрсете білуі. Бұл тұлғаның бойында білім, білік,

дағды, тәжірибелік іс әрекетінен, тәрбиелік қарым қатынасынан, зеректік, тапқырлық, байқағыштық қасиеттерінен еркін көруге болады. Қабілетсіз тұлға болмайды. Қабілеттің өзі жалпы және және арнайы болып екіге бөлінеді. Жалпы қабілет көптеген дара тұлғалардың зеректік, тапқырлық, байқағыштық қасиеттері арқылы көрініс береді. Ал, арнайы қабілет әсіресе өнер адамдарында, айтыскер ақындардың суырып салмалығы, композитор, әнші, суретші т.б. атауға болады [1].

Дарындылық – адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. М.Горький «адамдағы дарындылық қасиеттің туа бітетіні, жүре пайда болатыны да болады. Туа бітетіні тұқым қуалаушылық. Бұл биік деңгейлерге көтерілуі де мүмкін, өшіп те қалуы мүмкін. Дарындылықты үнемі дамытып отыру қажет», – деп атап көрсетеді [2].

В.Крутецкий анықтауы бойынша «егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады», – деп

тұжырымынан дарындылық қабілеттіктің жиынтығы екенін, іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілетінің дамуының жоғары деңгейі дара ерекшелік деп бағалауға болады [3].

Талант (гр. *talanton* – бастапқыда салмақ, өлшем, кейіннен ауыспалы мағынада – қабілеттер деңгейі) – қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі.

Зияткер ұлтты қалыптастыру ол адами капиталдың дамуымен, зияткерлік әлеуетті қалыптастырумен тікелей байланысты. Халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру, сол арқылы қоғамды дамыту. Демек, рухы күшті тұлға мен ұлтты, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесінің бүгінгі қоғамның алдында тұрған негізгі міндет болуы заңдылық.

Зияткерлік әлеует – зияткерлік іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның зияткерлік ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады

Әлемдік деңгейдегі технологиялардың дамуы барысында білім беруге деген көзқарастың арнада, білім беру парадигмасына жаңаша қарау мәселесі негізгі орында. Білім беру жүйесі тек педагогикалық категория емес, бұл адами капиталдың дамуына орасан зор ықпал ететін қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылады.

Сондықтан әлемдік білім стандарттарына, мектеп пен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім сапасын сәйкестендіру мәселесі қазіргі таңда негізгі орында тұр. Себебі, барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Демек, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру саласының барлық құрылымын модернизациялау қазіргі қоғамның өркениетті дамуын

қамтамасыз ететін басты тетік болып отыр. Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының қалыптасуын анықтайтын базалық ұғымдар «интеллект», «тұлғаның интеллектуалды әлеуеті», «интеллектуалды тұлға», «интеллектуалды ұлт» туралы ұғым болып табылады. Олардың мазмұны алдарыңыздағы слайдта ашып көрсетіледі.

«Интеллект» – латынша *intellectus* деген сөзден аударғанда «ақыл», «ақыл-парасат», «түсінік», «таным», «ойлау қызметінің жоғарғы тупі» деген мағынаны білдіреді. Ғылыми тұрғыдан алғанда интеллект төмендегідей мағыналарда қарастырылады:

1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы;

2) белгілі бір мәселені танып білу және оны шешуге қатысты адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігі мен кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын индивидтің танымдық үдерістерінің өзгеретін жүйесінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.с.с.) және басқа қабілеттері негізіндегі жалпы қабілет;

3) индивидтің барлық таным функцияларының жиынтығы: түрткі мен қабылдаудан ойлау мен қиялға дейін, таным іс-әрекеттерінің негізгі формасы.

Зияткерлік – адамның табиғат берген ой, сана, тану, ақыл, парасат секілді қасиет-қабілеттерін оқу, білім алу, тәжірибе жинақтау арқылы жетілдіруі, оны өзін және қоғамды дамыту үшін және жаңа жағдайларға сай бейімдеп қолдана алу қабілеті.

Бүгінгі қоғам сұранысының негізі – Зияткер тұлға – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға. Зияткер ұлт – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

Орыс психологы А.Ф. Лазурский адамның интеллектуалды белсенділігін зерттей келе, оның үш деңгейін анықтаған:

– Төменгі деңгей. Индивид ортаға бейім-

делмеген, оның әлсіз психикасын орта басып тастайды;

– Орташа деңгей. Адам ортаға тез бейімделеді, және өзінің ішкі психологиялық ахуалына сәйкес өзіне лайықты орнын табады;

– Жоғарғы деңгей. Қоршаған ортаны өзгертуге деген құлшыныспен сипатталады [4].

Қазіргі таңда интеллект ұғымы – адамның таным үдерісін атқару және мәселелерді тиімді шешу, өмірлік міндеттерді анықтау қабілеті деп түсіндіріледі. Осыған орай академик Н.Н. Моисеев: «интеллект» деп адамның мақсат қоя білуін, өз ресурстарын жоспарлау және мақсатқа жету стратегияларын құра білуі деп түсіндіреді [5].

Интеллект ұғымы адамның қабілеті ретінде түсіндірілсе де ол басқа қабілеттер арқылы іске асырылады: таным, оқу, логикалық ойлау, талдау арқылы ақпараттарды жүйелеу, олардың қолдану аясын анықтау, заңдылықтары мен ерекшеліктерін табу, ұқсас ақпараттармен салыстыру т.с.с. Адамның интеллектісінің маңызды сапаларына оның талаптылығы, ойының тереңдігі, жылдамдығы, логикалық ойлау, ойлаудың дәлдігі, сын тұрғысынан ойлауы, ойының кеңдігі, интуицияның дамығандығы жатады. Интеллект феноменін толық түсіну үшін оны көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастыру керек. Себебі оны генетикалық, әлеуметтік, іс-әрекеттік, феноменологиялық т.б. тұрғылардан қарастыруға болатыны белгілі [6].

Интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруда әлемдік тәжірибелер. Интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруда әлемдік тәжірибелерге талдау жасау барысында зерделегеніміз алыс және жақын шетелдерде интеллектуалды ұлтты қалыптастыру мәселесі интеллектуалды тұлғаны дамыту мен қалыптастыру, адами капитал тұрғысынан зерттеледі.

Интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруда Еуропа елдері 20 жыл бұрын интеллектуалды қоғамды құруды өз алдарына мемлекеттік деңгейде негізгі мақсат етіп қойды. Франция мен Германия мемлекеттерін алатын болсақ, осы елдерде Еуропа одағына кірудің бірден-бір себепкері – ин-

теллектуалды тұлға мен ұлттың әлеуетін қалыптастырудағы көзқарастары.

Еуропа елдеріндегі интеллектуалдық қорлардың басты идеялары, көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды айқындау маңызды саналады. «Интеллектуалды азамат» қалыптасуы жолында олардың қоғамдық санасына ықпал етерлік қоршаған ортаның тынысы мен болмысын танып білу де маңызды рөл атқарады.

Жалпы алып қарайтын болсақ, интеллектуалды тұлғаның қалыптасуына алғаш болып зерттеген және эксперимент жүргізген Дж.П. Гилфорд пен В.Циммерман. Олар тұлға қалыптасуының тұжырымдамасы мен тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің қалыптасуының алғышартын жасауға алғаш болып көңіл бөлді. Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптасуының алғышарты: жалпы белсенділік (энергиялық, іс-әрекеттің лездігі, іс-әрекетке деген құштарлық); басымдылық (инициативтілік, өз сөзін, ісін дәлелдей білу, т.б.); батылдық; өзіне деген сенімділік; салқынқандылық; көпшілік; армандағыштық; эмоционалды; әділдік; қанағатшылдық.

Интеллектуалды тұлғаның әлеуетін қалыптастыру мәселесіне Германия елінде аса мән берілгені белгілі. «Тұлға» ұғымын ғылымға алғашқылардың бірі болып неміс еліне енгізген Альберт Эйнштейн. Ол 1932 жылы Германияның Нюцберг қаласында өткізілген бүкіл немістік ғылыми-тәжірибелік практикумда тұлға, тұлғаны қалыптастырудағы мемлекет пен ғылымның ролін және де тұлғаның мемлекетке деген қажеттілігін дәлеледеп тұрып, ғылыми айналымға енгізді. Ал интеллектуалды тұлға ұғымын Сабина Бергман-Поль енгізген болатын. Оның «Неміс халқы» еңбегі бүкілхалықтық сайлауда мемлекеттік жоба ретінде ұсынылды. Сол еңбекте былай деп жазылған: «Мемлекеттің басты қозғаушы және жұмысшы күші – халық. Халыққа бар жағдай жасалуда. Ал халықтың мемлекетке беруі тек салық емес. Сонымен қатар өзін «Неміс еліне» лайықты ету. Сондықтан да Бундес елінде интеллек-

тісі жоғары ғана адам болуы керек. Егер адам интеллект болса, ол өмірдің барлық қыр-сырын қамтыды деп айтсақ болады».

Неміс елі өз елін сауаттандыру жұмысына ертеден аса көңіл бөлген белгілі. Гештальдт психология жұмысын ХХ ғасырдың басында бастады. Психология мектебінің басты мақсаты – Бундес елінің әрбір азаматынан тұлға, интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру болатын. Негізгі теория ретінде Гуссерель мен Brentanoның жұмыстары алынды. Осы екі ғалымның интеллект туралы айтқан ойлары бір арнада тоғысады: «психология должна изучать структуру – материю сознания как совокупность отдельных элементов, далее не поддающихся анализу, совершенно простых по своей природе. Важнейшим же из элементов считается развитие интеллектуалов в нашей среде».

Осы мектептерте тәжірибелер кеңінен жүргізілді. Тәжірибелердің өзіндік ерекшеліктері болды. Екі жыл бойы үздік оқитын оқушылардың біріне олар төмен баға қоя бастады. Ал екіншісіне жоғары бағаларын қойды. Соңында, нашар баға алып жүрген оқушының талпынысы мықты, білімді, ғылымды меңгеруге деген ынтасының жанжақты артқаны басым болған. Осы тұрғыдан алып қарасақ, бірінші оқушының өзін-өзі жетілдіру, ынталану ұстанымы жоғары болғанын көріп отырмыз. Яғни, бұл қасиет кез-келгенге беріле бермейтін қасиет. Тек дарынды, интеллектуал адамдарға тән дара ерекшеліктер болып табылады.

Жалпы неміс елінде адамдарды психологиялық тұрғыдан дайындап, жетілдіру мектеп кезеңінен басталса да, балабақшаларында арнайы психологиялық кабинеттер жұмыс істеді. Яғни, бұл адамдарды туғаннан бастап тұлғалыққа, өзін-өзі басқаруға үйретеді.

Белгілі неміс жазушысы Йост Ханс интеллект тұлға жайлы: «Немцы – народ трудолюбивый. Требовательный и строгий. Немцы – точный народ. Точность – вежливость королей. Немцы – короли. А короли – наиумнейшие. Мы должны создать общество достойное королей. Мы должны стать народом, интеллектуалами. А будет лучше, если мы будем интеллектуальным народом»,

– деп неміс халқының мәртебесін көтеруге аса мән берді. Бұл әрине, неміс елі үшін интеллектуалды тұлға қалыптастырудың негізгі тұжырымы, қағидасы. Сонымен қатар, бұл сөздерінен оның ұлтшылдық көзқарасын байқауға болады. Біздің тұжырымдауымызша, интеллект тұлға толеранттық пен өзгеге құрмет иесі болуы шарт.

Интеллект тұлға қалыптастыру әрбір елдің жетістікке қол жетуінің алғышарты деп санаймыз. Германияның белгілі педагогы Иоганн Песталоцци тұлғаны қалыптастыру мақсатында өз оқушылары арасында тәжірибе жүргізген. Ғалым «Тұлғаны қалыптастыру бұл бір күндік немесе бір жылдық мәселе емес, ол жылдар бойы ізденістер мен талпыныстардың нәтижесі, кез-келген тұлғадан интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруға болады, тек оған ол өмір сүрген әлеуметтік орта соған лайық болу керек», – дейді.

Оның ізбасары Джуан Гордес: «Егер интеллект тұлғаны қалыптастыру процессі бір күндік немесе бір жылдық мәселе болмаса, онда интеллектуалды ұлтты қалыптастыру үшін тіпті ондаған жылдардан астам уақыт керек», – деп тұжырымдайды. Бұл орайда, неміс елі ХХ ғасырдың орта шебінен бастап интеллект тұлғаны қалыптастыруды қолға алды. Неміс ғалымдарының зерттеулері бойынша білім мен ғылымды, өндірісті дамытуда, қазіргі күні неміс елін «интеллектуалды қоғам» деп айтуға әбден болады. Ал сол ұлттың әрбір адамы – интеллектуалды тұлға. Себебі – адам ұлт құраушысы.

Франция елі интеллект тұлғаны қалыптастыру тәжірибелерін ерте бастап кетпесе де, айтарлықтай дәрежеге жетіп отыр. Себебі, белгілі француз гуманисті Жету Морен айтқандай, «интеллектуалды ұлтты, тек интеллектуалды мемлекет жасайды. Сондықтан алдымен, «мемлекет басындағыларға кітап оқысын, деп айтқым келеді». Морен Жетудің ұсыныстары француз парламентіне өте ықпал етті. Себебі, Франция елінің басқармасы жыл сайын қызметкерлермен тест өткізеді. Осы тесттің негізі: білімділік; сыпайылық; тәртіпке бағынушылық; жұмысқа деген ынта; тәрбиелілік; қоғамдық жұмысқа қатынасуы; еліне тигізген үлесі. Егер осы

7 ұстанымның біреуін орындай алмаса, жұмыстан белгілі бір уақытқа шығарылады.

Осы орайда Жак Ширактың еңбегіне де тоқталып кету қажет. Себебі, Жак Ширактың басқару кезеңінде көптеген оқу орындары ашылып, азаматтардың білім және рухани азық алуына барынша мүмкіндіктер жасалды. Жак Ширак француз елін «Тұлғалы ел» қатарына жеткізді.

Жалпы алғанда, Франция елінің интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан ұлт деп атауға көптеген зерттеу нәтижелері дәлел бола алады. Себебі, 2007 жылғы американдық «Нью Йорк Таймс» газеті жүргізген блиц-сұрағында ең сыпайы ел болып Франция елін атайды. Респонденттердің 62% француз елін өте сыпайы, ұқыпты деп сипаттады, 21% ағылшындарды айтса, тек 9% неміс еліне беріледі. Қалған 8% американдық, голланд және жапондарды атады. Ең көп кітап оқитын ел сұрағына сұралған респонденттердің 76% қытай елін атаса, 22% француз елін атады. Қалған 2% неміс пен жапондарды атайды.

Белгілі француз социологы Оскар Мерузо интеллектуалдар туралы «Интеллект болу – әрбіреуге тән болмас қасиет деп айта алмаймын. Бірақ, интеллектуалды тұлға болу кез-келген адамның қолында. Нағыз интеллектуал көп сөйлемей байыбын табады», – деп тұжырымдайды. Француз депутаты Ороон Меже белгілі француз журналына берген сұхбатында: «Менің ойымша, әрбір адам интеллект бола алады», – деуінен, әрбір адам интеллектуалды тұлға бола алса, онда ол қоғам интеллектуалды ұлттың әлеуетін құра алатыны дау туғызбайды.

Қазақстанның осы елдер қатарына кіруіне мол мүмкіндік бар. Жоғарыда мақалаға нысан еткен мемлекеттер де оңай өткелдерден өтпеді. Жак Ширак француз елін «Тұлғалы ел» қатарына жеткізді. «Мемлекеттің басты қозғаушы және жұмысшы күші – халық», – дей келе, неміс халқы «Неміс елі» деген атқа лайықты ие болды. Осы елдер халық болып жұмылып, алға қойған мақсаттарына жетті [7].

Қазақ еліндегі интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы даму үдерісін алыс және жақын шет елдерде жүргізілген тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасау барысында біздегі қоғамдағы даму үдерісінің нақты

айқын жолды таңдағанын көріп отырмыз.

Сонымен қатар, адами капиталдың экономиканың дамуына ықпалын жапон елінің іс тәжірибесіне сүйене отырып ұсынады. Жапон елінің саясатына шолу жасай отырып, аталған елді адами капиталдың деңгейінің жоғары екені, білім мен ғылымға деген құлшыныс, адам өмірінің ұзақтығы интеллектуалды ұлт индикаторларына жауап беретін бірден-бір ұлт екеніне, жапон елінде білім алу, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету жоғары деңгейде екеніне тоқталды.

Дарындылықтың диагностикасы. Мектеп оқушыларының дарындылығы деп тұлғаның жеке бас ерекшелігі, туа біткен қасиеті, педагогикалық-психологиялық тұрғыда жан-жақты толық дамуы, ойлау қабілетінің даралығы, шығармашылық ізденістері т.б. атауға болады [8, 9, 10].

Дарынды оқушының мәдени қарым-қатынас құндылықтары, тәрбиелік-сапалық көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары болуы дау туғызбайды. Диагностика жүргізу үдерісінде оқушының білімі, рухани құндылықтары, ынтасы, еңбексүйгіштігі, тұлғалық адамгершілік қасиеттері, өзін өзі дамыту, жетілдіру, тану дағдылары, талғампаздығы, эрудициясы т.б. негізге алынады.

Дарынды балалардың логикалық ойлау қабілетінде өзгешеліктер басым, танымы жоғары, ішкі жан дүниесі жағынан сезімтал, ерік-жігері мықты, дарынды, қиялшыл т.б. болып келеді.

Дарынды балалармен жүргізілетін жалпы білім беретін мекемелерінде негізгі стратегиялық жоспарына дарынды баланы іздеп табу, іріктеу мәселесі кіреді. Қазіргі таңда Назарбаев интеллектуалды мектебі, математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектептер, қазақ-түрік лицейі, Хейлибери мектебі, Мирас мектебі, Ж.Аубакированың музыкалық мектебі т.б. білім мекемелері орындарында ерекше дарынды балалар білім алады. Аталған мектептерде оқу-тәрбие жұмысын өзіндік жаңашылдық тұрғыда ерекшеліктері басым.

Дарынды балалар оқитын мектептерле тереңдетілген бағдарлама бойынша, жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу, жаңа педаго-

гикалық технологиялар элементтерін пайдалану, сыни тұрғыда, проблемалық оқыту әдістерін пайдалана отырып оқыту, әр деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру; негізгі орын алады [11].

Қорытынды. Дарындылықты анықтау критерийлеріне тұлғаның білімді толық игеруі, тапсырылған жұмысты сапалы орында-

уы, тақырып бойынша өз ойын еркін айта алуы, алынған білімдерді өз бетінше дамыта білуі; өзіне-өзі талап қоя білуі, материалды игеруде табандылық, алынған білімді әр сабақ сайын дамыту; өз ойларын баяндағанда ғылыми дәлеледеуі, ғылыми жобалармен шұғылданғанда өз бетінше іздене алуы, тапсырылған жұмысты сапалы орындауы, іс-әрекеттегі, қарым-қатынаста мәдениеттілігі жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ушаков Д.В. Одаренность, творчество, интуиция //Современные теории одаренности /Ред. Д.Б. Богоявленская. – М.: Молодая гвардия, 1998. – 245 с.
2. Горький М. Собрание сочинений: в 30 т. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1949-1956. – 5-т.
3. Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. – М.: Просвещение, 1972. – 253 с.
4. Лазурский А.Ф. Психология общая и экспериментальная. – СПб: Алетейя, 2001. – 303 с.
5. Моисеев Н.Н. Идеи естествознания и общественные науки /АН СССР, ВЦ. – М.: ВЦ АН СССР, 1991. – 55 с.
6. Peccei A. The Human Quality. – Oxford; New York: «Pergamon Press», 1977. – ISBN 0-08-021479-7 (В русском переводе: А.Печчеи. Человеческие качества. – М.: Прогресс, 1980. – 302 с. Переиздание: А.Печчеи. Человеческие качества. – М.: Прогресс, 1985. – 312 с.).
7. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 334 б.
8. Формирования интеллектуального потенциала нации в системе высшего образования /Сборник трудов. – Алматы: Ұлағат, 2012. – 300 с.
9. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. – Томск-Москва: Том: Унта, Барс, 1997. – 240 с.
10. Холодная М.А. Принципы и методы выявления одаренных детей //Одаренность: рабочая концепция /Отв. ред. Д.Б. Богоявленская, В.Д. Шадриков. – Москва-Самара: РПО, 2000. – С.22-28.
11. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ОНОН, 2017. – 336 б.

References:

1. Ushakov D.V. Odarennost', tvorchestvo, intuiiciya //Sovremennyye teorii odarennosti /Red. D.B. Bogoyavlenskaya. – М.: Molodaya gvardiya, 1998. – 245 s.
2. Gor'kij M. Sbranie sochinenij: v 30 t. – М.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo hudozhestvennoj literatury, 1949-1956. – 5-t.
3. Kruteckij V.A. Osnovy pedagogicheskoy psihologii. – М.: Prosveshchenie, 1972. – 253 s.
4. Lazurskij A.F. Psihologiya obshchaya i ehksperimental'naya. – SPb.: Aletejya, 2001. – 303 s.
5. Moiseev N.N. Idei estestvoznaniya i obshchestvennye nauki /AN SSSR, VC. – М.: VC AN SSSR, 1991. – 55 s.
6. Peccei A. The Human Quality. – Oxford; New York: «Pergamon Press», 1977. – ISBN 0-08-021479-7 (V russkom perevode: A.Pechchei. Chelovecheskie kachestva. – М.: Progress, 1980. – 302 s. Pereizdanie: A.Pechchei. Chelovecheskie kachestva. – М.: Progress, 1985. – 312 s.).
7. Bolashak mamannyn intellektualdy aleuetin kalyptastyrudyn negizderi. Oku kyraly. – Алматы: Ulagat, 2014. – 334 b.
8. Formirovaniya intellektual'nogo potenciala nacji v sisteme vysshego obrazovaniya /Sbornik trudov. – Алматы: Ulagat, 2012. – 300 s.
9. Holodnaya M.A. Psihologiya intellekta: paradoksy issledovaniya. – Tomsk-Moskva: Tom: Unta, Bars, 1997. – 240 s.
10. Holodnaya M.A. Principy i metody vyyavleniya odarenyh detej //Odarennost': rabochaya koncepciya /Otv. red. D.B.Bogoyavlenskaya, V.D. Shadrikov. – Moskva-Samara: RPO, 2000. – S.22-28.
11. Imanbaeva S.T., Majgaranova Sh. Tarbie zhymsynyn teoriyasy men adistemesi. Okulyk. – Алматы: ONON, 2017. – 336 b.

Феномен «одаренности» в формировании интеллектуального потенциала нации

С.Т. Иманбаева¹, В.С. Нурланова²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье основное внимание уделяется развитию одаренности ребенка в системе образования. Рассмотрены, что развитие одаренности осуществляется в специальной школе по углубленным образовательным программам. Развитие одаренности осуществляется с помощью использования дополнительных методов обучения, в том числе использование элементов новых педагогических технологий, которые осуществляющие развитию критического мышления. Проанализированы результаты работ по развитию одаренных детей путем участия в различных предметных олимпиадах и научно-практических конференциях. А также рассмотрены критерии определения одаренности детей. Они включают в себя: полное освоение знание личности, качественное выполнения предложенных заданий, свободно выразить свои мысли по выбранным исследовательским темам, самостоятельное приобретение знания, способность участвовать в научных проектах и демонстрировать достижения.

Ключевые слова: интеллект, способность, одаренность, талант, свойство присущие к одаренным, интеллектуальный потенциал.

Phenomenon «giftedness» the formation of intellectual potential nation

S.Imanbayev¹, V.Nurlanova²

Kazakh National Pedagogical University named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The development of child giftedness in the education system is considered in the article. It is considered that the development of giftedness is carried out in a special school for in-depth educational programs. The development of giftedness is carried out with the help of the use of additional teaching methods, including the usage elements of new pedagogical technologies that implement the development of critical thinking. The results of works on the development of gifted children through participation in various subject Olympiads and scientific and practical conferences are analyzed. And also the criteria for determining the giftedness of children are considered. They include: complete development of personal knowledge, quality performance of proposed tasks, freely expressing your thoughts on selected research topics, independent knowledge acquisition, ability to participate in research projects and demonstrate achievements.

Keywords: Intellect, ability, giftedness, talent, property inherent to the gifted, intellectual potential.

Редакцияга 08.12.2018 қабылданды

МРНТИ 378:159.9

А.А. КАРСАКБАЕВА¹, Р.К. ДЖУМАНИЯЗОВА²

^{1,2}Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

**ПРОБЛЕМЫ НОТИРОВКИ МУЗЫКИ ДЛЯ КЫЛ КОБЫЗА В РАМКАХ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ КОБЫЗОВОЙ ШКОЛЫ**

Аннотация

В статье рассматривается ряд проблем нотировки казахских кобызовых кюев. Актуальность проблематики связана с объективными потребностями музыкальной практики, современного исполнительства, учебного процесса, задачей сохранения и развития великой традиции. В числе наиболее важных элементов музыкального языка кобызовых кюев, требующих адекватного отображения, обозначены тембральные нюансы, звуко-

высотность, способы звукоизвлечения, штрихи, метроритм. Причины данных проблем связаны с природой казахской кобызовой музыки, ее интонационным строем, импровизационной основой. Впервые сформулированы как равноупотребимые три способа звукоизвлечения: ногтевое касание, нажатие подушками пальцев левой руки, использование внутренней стороны первого и четвертого пальцев левой руки. Обозначены возможные пути решения проблем нотировки музыки для кыл кобыза, требующие обсуждения профессионального сообщества и принятия в качестве общепринятой системы обозначения.

Ключевые слова: кыл кобыз, нотировка, казахская музыка, современная музыкальная школа, күй, кобызовая музыка.

Актуальность исследования. Современная кобызовая школа – это масштабное и уникальное явление, основанное на великой многовековой традиции. Современная кобызовая школа начала формироваться в первой половине XX века, существенно трансформируясь под влиянием исторических событий и объективных кардинальных изменений в культуре, политике, идеологии, экономике. За почти столетнюю историю становления школы было много ярких достижений, культурных имен, появились новые произведения. Самобытность и художественная ценность кобызовой традиции привлекают внимание не только отечественных, но и зарубежных исследователей [16-18; 21].

Вместе с тем, этот период также изобилует и проблемными вопросами, периодами репрессий и гонений [14], рисками потери традиции, опасениями за будущее кобызовой музыки [15], дискуссиями по вопросам методики обучения. Долгое время кобыз считался идеологически «вредным» инструментом, так как использовался в практике баксы и жырау [5]. Класс кобыза открылся в Алматинской консерватории только в 1968 г., в первом наборе было всего четыре студента. В качестве ведущего педагога был приглашен Жаппас Каламбаев. После смерти күйши в 1969 г., класс кобыза хотели полностью расформировать, ведь кобызовая музыка так и не встраивалась в советскую идеологию. Тем не менее, в 1970 г. был приглашен другой традиционный музыкант – Даулет Мыктыбаев, благодаря которому класс кобыза продолжил свою работу. Драматичная история кобызовой музыки не могла не отразиться на методологических и педагогических вопросах современной кобызовой школы.

В ряду самых актуальных проблем современной кобызовой школы, на наш взгляд,

– вопросы нотировки казахских кобызовых кюев. Данная проблема озвучивалась разными музыкантами и учеными, включая П.Тихова, А.Эйхгорна, А.Затаевича, А.Жубанова, Б.Ерзаковича, Б.Сарыбаева, Б.Аманова, А.Мухамбетову, Б.Каракулова, М.Жаркынбекова, П.Шегебаева, Г.Омарову, С.Утегалиеву, Б.Косбасарова, А.Жумабекова и многих других.

Цель исследования – сформулировать и обосновать проблемы письменной фиксации кюев для кобыза как ключевого фактора развития современной кобызовой школы.

